

Өткен жылы Мұхтар Әуезовтың 125 жылдық мерейтойы аталып өтті. Бұл тойға шырайлы Шымкенттегі ұлы жазушының есімін иемденген М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті де зор үлес қосты. Университеттің 8 қызметкері мен 50 студенті маусым айының 7 жұлдызында Абай облысына ерекше ғылыми-танымдық сапарға аттанды. Шымкент – Тараз – Балқаш – Қарағанды – Қарқаралы – Семей – Абай ауданы – Аягөз – Талдықорған – Қонаев – Алматы – Шымкент бағытында сапарладық. Ұлы тұлға туралы және жолсапардағы толғанысты қағаз бетіне түсірдік.



# ШЫРАЙЛЫ ШЫМКЕНТТЕН – КИЕЛІ АБАЙ ЕЛІНЕ

«Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды. Қорықтан күн шыға атқа мінейік деп асыққан-ды. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да таң атар-атпаста өзі оятып тұрғызып еді» (Мұхтар Әуезов. Абай жолы роман-эпопеясы. 1-том, 3-бет). Бұл үзінді қазақтың заңғар жазушысы, абайтандың асқар шыңы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің «Абай» романынан алынып отыр. Барша оқырманға белгілі шығарма осылай басталады.

Абайдың қаладан ауылына қайтқанынан... Өйткені, Әуезов зор суреткер. «Бір ыңғайда, Әуезов тарихты, тарихи тақырыпты жазды деген – оқыс бір қылтадан қарауылыға алсаң – аздық етеді. Әуезов та-



ыстық ықылас, жылы шырай, үлкен құрмет керсетілгенімен Мұхқа көп кідірмеді. Өйткені жолды, Қаратаудың өзі бұрын көрмеген сырғын ішіне бүгіп жатқан бұл асуын күндіз, жарықта асықпай көріп өтуді мақсат тұтқан болуы керек.

Мыңбұлақ деп аталатын бұл көне мекен-жайдың үстімен Түркістан – Құмкент аралығындағы керуен жолы өтетінін Мұхқа барған бойда-ақ тез анықтап білін алды. Совхоз директоры Құрбан Шоқанов өлке тарихына ой жіберіп үңіле жүретін, өзінің де едәуір ақындығы бар жігіт болатын. Мұхқа: «Құрбан, сен «Қаратаудың басынан көш келеді» деген өлеңнің мәнін айтшы» дегенде:

«Қаратаудың көш келеді»

кент – Тараз – Балқаш – Қарағанды – Қарқаралы – Семей – Абай ауданы – Аягөз – Талдықорған – Қонаев – Алматы – Шымкент аралығы. Құнанбайдан Қонаевқа дейінгі аралық. Бұл идеяның авторы, ҰҒА академигі, М.Әуезов атындағы ОҚУ ректоры, руханият жанашыры Дария Қожамжароваға айтар алғысымыз шексіз. Сонымен қатар, осы жобаның жүзеге асуына мұрындық болған, еліміздің жартысын аралап шығудың картасын даярлаған жолбасшымыз, «жылқыда да жылқы бар – қазан аты бір белек, жігітте де жігіт бар азаматы бір бөлек» дегендей, азаматтық тұлғасы бір тобе, Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Ербол Сармурзинның еңбегі ерен. Оған қоса студенттерге мағлұмат беруден қатар, ғылыми ізденісте, абайтанду мен мұхқартанду салаларының майталманы, профессор Мекемтас Мырзахметұлының шәкірті, ғалым Ақжол Қалшабектің жеңі бөлек, жосығы ерек. Студенттердің тәрбиесіне жауапты, Тәрбие департаментінің директоры, Шәкен Зұлпанов, орынбасары Мереке Исмаилова, Телестудия меңгерушісі Талғат Махамбетов, операторлар Бекжан Қалтай мен Дидар Рысбектердің жұмыстары процеске толы болды. Студенттер мен қызметкерлердің денсаулығына жіті мән берген мейрбике Ұлжан Үсеноваға алғыс айту азаматтық борышымыз.

Бас-аяғы 50 студент 9 күннің ішінде 5 облыс, 10 елді мекен, 30-дан астам тарихи-мәдени нысанды аралап, 4000-нан астам шақырым жерді еңсерді. Дәл осы 4000 шақырымнан астам жолды мүдірместен жүріп өткен «VanHool-921» автобусының жүргізушісі Иляс Мамбековтың қажыр-қайраты мен жүргізушілік шеберлігі таңдандырмай қоймады. Қызыл автобуспен еліміздің жартысын шарлап шықтық. Әуелгісі университетіміздің алдындағы БАҚ-тың қатысуымен өткен жиында Дария Пернешқызы студенттерге сәттілік пен ақ жол тілеп шығарып салды. Сапарға шыққан студенттер сайдың тасындай іріктеліп, сүзгіден өткен оқуда озат (GPA ұпайы жоғары), спорт

ға алсаң – аздық етеді. Әуезов тарихпен – оны, тарихты уақыттың ең бір қиын формасы санап – ұстасқан адам. Әуезов тірлік-тынысы өлшеулі-пішулі адам бола тұра, уақыттың тұтқыны бола тұра уақыттың дойыр қамшылы тұңғышы – тарихқа майдан беріп, оны, тарихты, тұтқындаған адам (Асқар Сүлейменов. Болмыспен бетпе-бет.). Әуезов шығармашылығы қанша жылдар, ғасырлар, дәуірлер өтсе де бояуын да, құнарын да, құндылығын да еш жоймақ емес һәм ол мүмкін де емес. Қайта уақыт өткен сайын оның қадірі арта түспек, асқақтай түспек. Төтелей айтқанда, космостық тұлға ғой, Мұхаң. Биік, бәрінен биік, трайбализмнен де, ұлтшылдықтан ада, Абайдың өлеңіндегідей, адамзаттың бәрін сүйді, әділетті сүйді. Биіктігінен болар, мұраларын мәңгілік қорек қылдық. Тоймайсың, түбіне сұңғи бергің келеді, қазыналарын қаза түсіп, тапқан олжаны талғажау еткеннен артық бақ, бақыт бар ма, қазаққа?

2022 жылы Мұхаңның 125 жылдық мерейтойы аталып өтті. Бұл тойға шырайлы Шымшаһардағы ұлы жазушының есімін иемденген М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті де зор үлес қосты. Шымкенттегі қарашаңырақ Мұхаңның есімін алып отыруы тектен тек емес. Мұхаңның табаны Оңтүстіктің топырағына 5 рет тиген, яғни мұнда 5 рет келген. Мұхтар Омарханұлы Америка Құрама штатында, Жапонияда, Үндістанда болды. Ал Оңтүстік өңіріне бір емес, аттай 5 рет келу нені білдіреді? Мұның астарында мол тарихи сыр жатыр. М. Әуезов «Өз жайымнан мағлұмат» атты автобиографиясында: «Мен 1897 жылы сентябрьдің 15-інде туыппын. Туған жерім – Семей уезіне қараған Тобықты іші. Шыңғыс болысында. Менің аталарым – қожа, алғашқы шыққан жерлері Қаратау деуші еді. Үлкен әкемнің үйінде сақталған қожалар шежіресінен бала кезімде бір көргенімде біздің қожалардың арғы атасын Бақсайыс дейді», – деп жазады. Міне, әңгіме қайда жатыр? Демек, Мұхаңның мұнда 5 рет келгендегісі – ата-бабаларының қіндік қаны тамған топырағын басу болып тұр ғой. Қазақта «ит тойған жеріне, ер туған жеріне» деген тәмсіл бар. Мұхаңның Қаратау, Түркістан туралы бүккен сыры тек мұнымен шектеліп қалмайды. Оңтүстікке жасаған кезекті сапарларының бірінде Мұхаң жанынан бір елі қалмаған журналист Әділбай Омаровқа

баяндаған екен.

«Біз жатардан бұрын тысқа шыққанбыз. Биік дарақтар арасымен шалғын сазды басып аяндап келеміз. Мұхаңның сол түнгі айтқан бір әңгімесі әлі есімде. «Ата-бабамыздың қонысы осы Қаратауда екен бұрын», деп бастады сөзін ол. «Әкемнің әкесі Түркістан қаласында оқиды екен, әрі мешітте малай болған көрінеді. Құнанбай осында келгенде бала оқыта алатын қожа-молданың біреуін әкетпекші болыпты. Имам Әуезді сыйға тартыпты деген аңыз да бар. Кейін біздің ауылымыз Арқаға көшіпті. Жолда Кенесарының әскеріне кездесіпті және әуресарсаңға түсіп, жәбір көрген деседі. Осы жайтты қалай жазуды да көптен ойлап жүрмін. Осы Оңтүстік мысалынан көркем шығарма берсем, есебін тауып, соның бір тарауында келтірмек ойым бар. Бұған асықпауым керек, әлі де болса мұқият зерттемекпін. Дәл осы сапардың, бұдан кейінгі сапарларымыздың бұған тигізер көмегі көп болар» деп түйді жазушы», деп жазады Әдекең «Асыл арман» кітабында. Бұған қарап, бар мәселе Құнанбайда жатқанын көреміз. Құнанбай – далалық өркениеттің данасы, абызы. Құнанбай қажылыққа тауаф қылуға аттанады. Қажылық Исламдағы 5 парыздың бірі. Күнекеңнің қажылыққа аттанатын шақтарынан Мұхаң «Абай жолында» былай береді: «Абай да әке қасынан тұруға ынғайланып еді, Құнанбай бұны тізесінен алақанымен ақырын басты да: – Жә, тапқаның мен танығаныңды сен мәлім етші, балам! – деді. Абай қалтасынан сиямен жазылған бірталай мол қағазды шығарып, Бізғұттыға көз салып: – Менің тапқаным бәрі осы қағазда. Бізғұтты аға, осыны жаныңда сақтағайсың! – деді. Абай Бізғұттыға осы қағазын беріп жатқанда, Құнанбай жолдағы үлкен шаһарлардың атын тағы бір рет қайта сұрады. Абай қазақ даласындағы құм, шөлді Қарқаралыдан қосылатын Өндірбай қалпенің өзі біледі деп, жолдың бер жағын сөз қылған жоқ. Тәшкентке шейін қазақ ішімен барысады. Одан арғы қалалардан анықтап атап, көп қайырып айтып бергені Самарқан, Мәру, Мешһед, Асфәһан, Абадан еді. Осыдан ары жол не Арабстанның сахарасымен өтпек. Болмаса, тіпті жайлысы, кемемен айналып жүріп отырып, Меккенің өз тұсынан апарып түсірмек. Қысқасы, бұл жерден ең төдесін атағанда, көп кітаптан Абай байлаған жол сорабы осы еді. Әкесіне күнбе-күн оқып білген дерегін бүгін

ғана емес, бұдан бұрын да айтқан-ды. Жолдағы елдердің өзгеше тірліктерін, географиялық жағдайларын, кәсіп, шаруа салттарын көп-көп әңгімелеген болатын. Құнанбай оның бәрін тыңдай отырып, Абайға іштей ырза болып еді». Құнанбай осылай қажылыққа аттанып, Құдай алдындағы парызын өтеп келеді. Күнекең еліне қайтар жолды Қаратау арқылы кесіп өтсе керек. Бұл уақытта Қаратаудың бөктерін Мұхтардың аталары мекен етіп отырған. Бұл туралы Әдіһам Шілтерханов ақсақал былай жазады: «Сыр жағасының көне Сауран, Өзгент, Түркістан өңірінен Арқаға бет алған ел Қаратаудағы Торланның асуынан асқан болар еді. Мұхаң Қаратаудың ол асуымен де асып көрді. Бірақ Мұхаң көңілінде әлі де өзі көрмеген, әлі таптырмай тұрған Қаратаудың тағы да бір көне жолы бар сияқты. Ол – Құнанбай жүрген жол. «Құнанбай Арқадан Меккеге барар және қайтар жолында Қаратаудың қай асуынан асуы мүмкін?» деген сұраққа жауап беру қазір бізге онша қиын емес. Ол кездегі қалыптасқан салт бойынша Арқадан Меккеге баратындар міндетті түрде алдымен Баба Түкті Шашты Әзіздің қабіріне мінажат қылып, одан Қожа Ахмет Яссауиге келіп, Меккеге баратын сапарын одан әрі жалғастыратын болған. Баба Түкті Шашты Әзіз, (шын аты Баба Түклас) Қожа Ахмет Яссауидің әкесі Ибырайым мен Баба ата аталып кеткен оның інісі Ысқақ баптың да ұлы атасы. Олай болса, Құнанбайдың да бұл қалыптасқан шартты бұзып Баба Түкті Шашты Әзізге соқпай Меккеге өтуі мүмкін емес.

Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи сағанасы мен Баба Түкті Шашты Әзіз әулиеінің мазары арасында төте жол, көне асу барын, ол жолдың бойында Мыңбұлақ деген жерде бір кездегі Шаян ауданының «Бөген» дейтін совхозы барын Мұхаң кейін білді. Сондықтан ба, ең соңғы сапарында өзімен бірге Қаратаудың асуын былай қойғанда арқар жүретін соқпағына дейін жазбай танитын жазушы Тәкен Әлімқұловты ерте шықты. Шаян қыстағына келіп, оның меймандос халқымен кездесіп, енді Созақ ауданына жол шеккелі тұрған Мұхаңның алдымен «Бөген» совхозына барып, одан Құмкентке – Баба Түкті Шашты Әзізге барамын деуі кімге де болса түсініксіздеу болды. Өйткені «бұл жол тым бұрыс еді. Бірақ неге бұлай жүресіз?» деп айтуға ешкімнің де батылы бармады. «Бөген» совхозында

«Басынан Қаратаудың көш келеді»

Дейтін сөз осы жерден өскен еді.

Ақтас пен Аю сайы біз жайлаған Ежелден ел өтегін көш жолы еді» – деп өлеңдете жөнелді.

Мұхаң өз жобасының ақиқаттан алшақ емесіне, Құнанбай жүрген жолдың дәл үстінен шыққанына ендігі жерде шүбә келтірмеді. Бұл жолды жарық барда неғұрлым тез көріп өтуге асықты. Мұхаң Күрекең үйінен тек бір кесе қымыз ішті. Басқа дәм-түзға қарамады. Үй иесінің заманымыздың ұлы перзенттерінің бірі Мұхаңа әзірлеген дастарқан мәзіреті босқа қалғандай болды. Осыған орай, ел аузында Мұхаңа жол серік болып шыққан Жұмабек Еділбаевтың бір шумақ өлеңі қалып қойды. Міне, тарихи құпияның сыры осы арада толық ашылады. Демек, Құнанбай Мекке жолына барып қайтар тұсы Қаратаудың «Ақтас» пен «Аю» сайы арқылы өткен, әрі Әуез әулетін де осы сай арқылы көшіріп әкеткен болып тұр».

Мұхаң 1959 жылы Оңтүстікке ат басын тірейді. Дәл осы сапарда Мұхаң 10 қазан күні біздің М.Әуезов атындағы университетте болған екен. Бұл туралы Әділбай Омаров естелігінде: «10 октябрь. Сарыла жүріп, сарғая отырып, қатты шаршаса да, Мұхаңның тыныс алып, тынығар түрі жоқ. Көп жүргісі, көп көргісі келеді де тұрады. Жұмыс көп. Уақыт аз. Оңтүстік сапары аяқталды да. Шымкентте көріп үлгірмеген ірі-ірі өндіріс орындарына бару да – арман. Бүгін де қыдырыс. Мұхтар Шымкент тоқыма комбинатын, жаңадан салынған, бірақ құрылысы әлі аяқталмаған Шымкент цемент заводын аралады да, қазақ химия-технология институтының ескі корпусында болды», – деп жазады. Университет ол кезде қазақ химия-технология институты деп аталған. Міне, М. Әуезовтің 125 жылдық мерейтойында осындай жағымды жаңалықтармен қауышып отырмыз. Өйткені университет жанындағы профессор Мекемтас Мырзахметұлы басқарып отырған «Мұхтартану» зерттеу орталығы осы мерейтойдың құрметіне орай «М.Әуезовтің Оңтүстікке сапары» атты ғылыми басылымды жарыққа шығарған еді.

Ендігі бір үлкен жаңалығымызды өздеріңізбен бөліспекке ұйғардық. Заңғар жазушының 125 жылдығына орай М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 8 қызметкері мен 50 студенті маусым айының 7 жұлдызында Абай облысына ерекше ғылыми-танымдық сапарға аттанды. Жүріп өткен бағытымыз: Шым-

тасындай іріктеліп, суағіден өткен, оқуда озат (GPA ұпайы жоғары), спорт пен мәдениетте жетістікке жеткен және университет пен Шымкент қаласының қоғамдық өміріне қатысқан 50 студент таңдалып алынды.

Сапардың мақсаты:

– Қазақтың заңғар жазушысы М.Әуезовтің шығармашылығы мен өміріне деген қызығушылықты арттыру;

– Қазақ мәдениеті мен тарихын насихаттау;

– Студенттердің бойында патриоттық сезімді қалыптастыру;

– Студенттерді Қазақстанның киелі жерлерімен таныстыру;

– Жыл бойы жақсы нәтижеге қол жеткізген студенттерді ынталандыру.

Маусымның 7-сі күні жоспар бойынша Шымкент қаласынан 173 шақырым жердегі «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығының тарихи нысандарын, солардың ішінде Қарахан кесенесі, Айша бибі кесенесі, Шаһристан аумағындағы «Көне Тараз» археологиялық паркі мен бірге М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде болдық.

Ертесіне таң азанмен Тараздан 683 шықырым жердегі Балқаш қаласына аттандық. Балқаш – еліміздің оңтүстік шығысындағы тұйық көл. Теңіз деңгейінен биіктігі – 340 метр. Балқаштағы әсерді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Ақын Қасым Аманжоловтың:

Көргенімде сені алғаш,  
Көл едің бір жап-жалаңаш.  
Келдім тағы, қойныңды аш,  
Ұлы Балқаш, нұрлы Балқаш.  
Өзгеріпсің таңғажайып,  
Құшағыңды еркін жайып.  
Сәулетті үй, сәнді сарай,  
Көз тойғысыз қарай-қарай.  
Сені мұнша кім өзгерткен,  
Елің қалай тез ер жеткен?!  
Ұлы Балқаш, ойлы Балқаш,  
Туған жерге нұрыңды шаш,

деген өлеңінің құдіретін сол жерде анық сезіндік. Сонымен қатар кешкісін Балқаш мыс қорыту зауытының тарихымен танысып, тіпті, ашаршылық жылдарында сол маңда қаншама адам жерленгенін естігенде кеудені күрсініс билегені жасырын емес.

**Әзімхан ИСАБЕК,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
«Мұхтартану» ғылыми-зерттеу  
орталығының қызметкері,  
гуманитарлық ғылым  
магистрі**

(Жалғасы келесі нөмірде)